

"Зоологиялық коллекциялар жинау және оларды мемлекеттік есепке алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы № 1413 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 1562 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № 745 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Зоологиялық коллекциялар жинау және оларды мемлекеттік есепке алу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы № 1413 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 50, 658-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Зоологиялық коллекциялар жинау және оларды мемлекеттік есепке алу ережесінде:

1-тармақта «және бақылау» деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Зоологиялық коллекцияларға жануарлар дүниесі объектілері тұлыптарының, жұмыртқаларының, криоконсервіленген жыныс клеткаларының, препараттары мен бөліктерінің, оның ішінде хайуанаттар парктері, зообақтар, цирктер, зоологиялық питомниктер, аквариумдер, океанариумдер жабайы жануарларының ғылыми, мәдени-ағартушылық, оқу-тәрбиелік және эстетикалық құндылығы бар жинағы жатады.»;

3-тармақ алынып тасталсын;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Зоологиялық коллекцияның иесі оны мемлекеттік есепке қою мақсатында қызметтерді жүзеге асыру басталғанға дейін кемінде он жұмыс күні ішінде « Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тиісті уәкілетті органды хабардар етеді.»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Тиісті уәкілетті орган зоологиялық коллекция иесінің хабарламасына сәйкес оны тізілімге енгізеді.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Зоологиялық коллекцияларды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкету Кедендік одақтың нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.» ;

көрсетілген ережеге 1-қосымшадағы 9, 10 және 15-тармақтар алынып тасталсын ;

көрсетілген ережеге 2 және 3-қосымшалар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК